

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 1071 Жарлығы

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900 Жарлығымен;
- 2) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);
- 3) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) "Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 15, 141-құжат; 2001 ж., N 18, 222-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы е р е ж е д е :

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Азаматты мемлекеттік қызметке мерзімді еңбек шарты бойынша қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 4-1 тараумен толықтырылсын:

"4-1. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға ауыстыру тәртібімен орналасуы

18-1. Мемлекеттік органның басшысы осы мемлекеттік органның немесе басқа мемлекеттік органның мемлекеттік әкімшілік қызметшісін тиісті бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келгенде және мемлекеттік қызметшінің өзі мен мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің келісімі болғанда, ауыстыру тәртібімен бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына тағайындауға хақылы.

18-2. Мемлекеттік орган мемлекеттік әкімшілік қызметшіні бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына ауыстыру тәртібімен тағайындауға келісім беру үшін уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне мынадай құжаттарды табыс етеді:

- 1) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тиісті лауазымға ауыстыру тәртібімен орналасуға өтініші;
- 2) мемлекеттік органның кадр қызметі куәландырған, толтырылған қызмет тізімі.

18-3. Уәкілетті орган табыс етілген құжаттардың негізінде бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) тағайындауға келісім береді;
- 2) келісім беруден бас тартады.

18-4. Келісім беруден бас тартудың негіздері мемлекеттік қызметшінің тиісті лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі немесе осы Ереженің 18-2-тармағында аталған құжаттарды табыс етпеуі болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 24-1-тармақпен толықтырылсын;

"24-1. Мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқу бітірген адамдардың мемлекеттік қызметті өткеруіне мониторингті уәкілетті орган жүзеге асырады.";

27-тармақ 12) тармақшадағы "уақыты қосылады" деген сөздер алынып тасталып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) осы Ереженің 7 және 16-тармақтарына сәйкес бос әкімшілік лауазыммен көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адамдардың жұмыс уақыты қосылады."

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900; 29.12.2015 № 152 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

2. Осы Жарлық 2003 жылғы 14 сәуірден бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті